**"Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2007 жылғы 17 тамыздағы N 33 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4924 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 10.07.2014 № 71 бұйрығымен (бірінші ресми түрде жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмысты үйлестіру, сондай-ақ арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2843 санымен тіркелген, "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4422 санымен тіркелген, енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасында (бұдан әрі - Қағида):

13-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қамауға алынғанның (сотталғанның) сауалнамалық деректері әліпбилік есептік карточкасына және дактилоскопиялық картаға жеке басын куәландыратын құжаттан алып енгізіледі, оның көшірмесін алдын-ала тергеуді

жүзеге асыратын орган (тұлға) ұсынады. Жеткіліксіз мәліметтер тергеу изоляторына орналастыру үшін негіз болған құжаттан алып енгізілуі мүмкін.";

17-тармақтағы "әліпбилік есептік кәртішкесі" деген сөздер "әліпбилік есептік карточкасы мен дактилоскопиялық картаның 1 данасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

46-тармақтағы "осы жұмысты атқарған" деген сөздер "осы жұмыстың атқарылған күні мен оны атқарған" деген сөздермен ауыстырылсын;

60-тармақтың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

14-тараудың аталуы келесі редакцияда жазылсын:

"14-тарау. Жеке тұлғаларға ақпараттық - анықтамалық қызмет көрсету";

68-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"68. Жеке тұлғаларға қызмет көрсету олардың қаражатына, ақылы ақпараттық - анықтамалық қызмет көрсету мәселелері бойынша нормативтік актілермен айқындалған тәртіпте, шектерде, көлемде және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаларға қызмет көрсету ақылы негізде өтініш берген сәттен 7 күнде қамтамасыз етіледі.

Қағиданың 60 тармағында көрсетілген органдарға ұсыну қажеттілігімен түсіндірілген өтініштер бойынша есеп мәліметтерін ұсынуға жол берілмейді.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Сотпен тағайындалған жазаны өтеу немесе соттылығын алып тастау деректерін растайтын құжаттар (тағайындалған жазаға байланысты: айыппұлды төлеу туралы түбіртек; түзету мекемесінен босату туралы анықтама; қылмыстық-атқарушылық инспекциясын есептен шығару туралы анықтама) қоса берілуі мүмкін азаматтың жазбаша сұранымы бойынша оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабына сәйкес берілген күніндегі жағдай бойынша соттылығының жоқтығы туралы анықтама беріледі (N 24-қосымша).

Соттылығы бар болған жағдайда соттың шешімін көрсету арқылы соттылығы туралы анықтама беріледі (N 24-1-қосымша).

Тұлғаны қабылдау-бөлуде ұстау туралы, тұлғаға қатысты қылмыстық істі қысқарту туралы мәліметтер анықтамаларда көрсетілмейді.

Ескертпе: Азаматтарға олардың сұранымдары бойынша берілген анықтамалар қылмыстық істің материалдарына, олар бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданған, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға және сонымен катар соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты арнайы тексерулердің материалдарына тіркелуіне болмайды.
";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Азаматтардың сұранымдарын тіркеу прокуратура органдарында

белгіленген тәртіптегі іс жүргізуге сәйкес жүзеге асырылады.

Соттылығының барлығы (жоқтығы) туралы жеке тұлғалардың сұранымдары бойынша хат алмасу материалдары 5 жыл өткеннен кейін "Комитет Төрағасының 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 1-н/қ бұйрығымен бекітілген" Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің қызметінде сақтау мерзімдерін көрсету арқылы құрылатын құжаттар тізбесі" 71-бабының талаптарына сәйкес акт бойынша жойылады.;

15-тараудың аталуы келесі редакцияда жазылсын:

"15-тарау. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық есеп мәліметтерін ұсыну";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен өкілеттік берілген осы Қағиданың 60-тармағында көрсетілген мемлекеттік, өзге де органдар және органдар қатарына кірмейтін ұйымдар есепте бар мәліметтерді талап ету бланкілерінде тегін негізде талап етеді.

Талаптарды жіберу кезінде ілеспе хатта оларға азаматтарды тексеруді жүзеге асыру құқығы берілген нормативтік құқықтық актіге сілтеме беріледі.

Мұндай жағдайда, тектері бойынша есепке алу мәліметтері, соттылығын өтеуге не алуға немесе қылмыстық қудалауды қысқарту негізіне байланыссыз ақпараттық есепке алу құжаттарын сақтау мерзімдеріне сәйкес (N 10 қосымша), тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті органдар мен ұйымдарға ұсынылады. Сұранымдар 10 күнтізбелік күннің ішінде орындалады.

Ескертпе:

1) Осы Қағиданың 60 және 77-тармақтарында көрсетілген органдардың санатына кірмейтін заңды тұлғалардың мәліметтерді талап етуі осы Қағиданың 72-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткер тұлғаларға (соларға теңестірілгендерге) қатысты мәліметтерді талап ету сыбайлас жемқорлық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың есебін жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің негізінде жүзеге асырылады.

3) Талап ету бланкілерінде рәсімделген өзге мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың сұранымдары тексеруге жатпайды және орындаусыз, себептерін және есепке алуға жүгіну тәртібін түсіндіру арқылы бастамашыларға қайтарылады.";

81-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Тұлғаны іздеу бір іздестіру ісі бойынша жүзеге асырылады. Бір тұлғаға қатысты жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті екі және одан да көп органдармен іздестіру ісін жүргізу туралы қаулы шығарылған жағдайда, есепте бір ғана іс қалдырылады, ал қалған істер бойынша материалдар оған біріктіріледі . Сонымен қатар, оларды жүргізу туралы қаулылардың күші жойылады.

Келешекте жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын органды белгілеу жоғары тұрған ведомствоның тікелей бақылауында болады.";

85-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) төлқұжаттың немесе жеке куәліктің көшірмесі, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда мынадай құжаттардың біреуінің көшірмесі: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлігі (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-нысанды өтініш, азаматтың туылуы туралы актілік жазбасы. Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тұлғаға іздеу жариялау туралы шешім қабылдаған орган тегін, атын, әкесінің атын, іздеудегі тұлғаның туған күнін және туған жерін белгілеу туралы анықтама құрады, анықтама бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен расталып, оған органның мөрі басылады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотпен сотталушыға (сотталғанға) іздеу жариялау туралы қаулы (ұйғарым) шығарылған жағдайда, жоғарыда айтылған іс-қимылдар іздестіру бөлімшелерімен соттан тиісті іс жүргізу құжатын алғаннан кейін жүзеге асырылады.";

86-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Комитет іздеудегі тұлғаға арналған іздестіру карточкасын мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулымен бір мезгілде ХАБ жібереді.";

88-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88-1. Есепке алу құжаттарындағы тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен туған жерін түзету төлқұжаты немесе жеке куәлігі көшірмелерінің негізінде Комитетпен, әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органмен жүзеге асырылады, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда мынадай құжаттардың біреуінің көшірмесі: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлігі (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-нысанды өтініш, азаматтың туылуы туралы актілік жазбасы, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тегін, атын, әкесінің атын, іздестірудегі тұлғаның туған күнін

және туған жерін белгілеу туралы анықтама құрылып, бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен расталып, оған тұлғаға іздеу жариялау туралы шешім қабылдаған органның мөрі басылады.";

89-2-тармақтағы "аумақтық органға" деген сөздерден кейін "анықталған күннен бастап 3 жұмыс күнінің ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

91-тармақта:

4) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күні мен шығыс нөмірін көрсету арқылы ТМД мүше мемлекеттерінің біреуіне қылмыстық істі жіберуі туралы мәліметтер;";

келесі мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Оған қатысты тұтқынға алу түрінде бұлтартпа шарасы таңдалған, және шет мемлекетте қамауға алынған іздеудегі адамның анықталуы немесе ұсталуы іздеу салуды тоқтатуға негіз болмайды.

Аталған адамдарға іздеу салу тек оларды Қазақстанға экстрадицияланған, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін қылмыстық істі шет мемлекетке берген немесе одан осы тұлға іздеуде болған қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек көрсетуден бас тарту туралы ресми түрде жауап алынған жағдайда ғана іздеу тоқтатылады.";

мынадай мазмұндағы 91-1-тармағымен толықтырылсын:

"91-1. Іздеудің қысқартылуы туралы қаулы келіп түскенде әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органның қызметкері іздеудің қысқартылуы туралы қаулыны рәсімдеудің дұрыстығын және есептен шығару негізділігін тексергеннен кейін іздеу есебіне түзету енгізеді және бір жұмыс күнінің ішінде көрсетілген қаулыны тектері бойынша картотекаға береді.

Тектік картотеканың қызметкері іздеудің қысқартылуы туралы қаулының негізінде келесі жұмыс күнінің ішінде іздестірілуші тұлғаға арналған іздестіру карточкасын картотекадан алады.";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Мемлекетаралық іздеу қысқартылған жағдайда әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға іздеуді қысқарту туралы қаулының үш данасы ұсынылады, олардың екеуі Комитетке жіберіледі, ал Комитет есепті тексеріп, оған өзгерістер енгізіп болғаннан кейін бір данасын ХАБ жібереді.

Республикалық іздеу қысқартылған жағдайда әскери және көліктік аумақтық

органдармен қатар, аумақтық органға іздеуді қысқарту туралы қаулының екі данасы ұсынылады, олардың біреуі Комитетке есептерге өзгерістер енгізу үшін жіберіледі.";

93-тармақ келесі мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Комитетке халықаралық іздеу салу тоқтатылғаны туралы хабарлама келіп түскен жағдайда, есептердің мәліметтерінде іздеу салудың халықаралық түрінен республикалық немесе мемлекетаралық түріне өзгергені туралы тиісті түзетулер жүргізіледі.";

98-тармақта:

сегізінші абзацтан кейін келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қадағалаушы прокурор іздестіру істері прокуратураға келіп түскен кезден бастап бір тәуліктің ішінде олардың заңдылығын тексеруді жүзеге асырады.

Аумақтық органдарда тіркеу үшін мынадай құжаттардың бар болуы қажет:

1) Хабарсыз жоғалғандарға қатысты іздестіру ісінде:

адамның хабарсыз жоғалуы туралы азаматтың өтініші, мемлекеттік органның және өзге де ұйымның хабарлауы (қылмыстық қудалау органының Өтініштерді есепке алу кітабында тіркелген нөмірі болуы керек);

іздестіру ісін жүргізу туралы қаулы;

адамның жоғалғаны туралы өтінішті берген азаматтың жазбаша түсініктемесі ;

төлқұжаттың немесе жеке куәліктің көшірмесі, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда мынадай құжаттардың біреуінің көшірмесі: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлігі (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-нысанды өтініш, азаматтың туылуы туралы актілік жазбасы.

Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тұлғаға іздеу жариялау туралы шешім қабылдаған орган тегін, атын, әкесінің атын, іздестірілуші тұлғаның туған күнін және туған жерін белгілеу туралы анықтама құрады, анықтама бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен расталып, оған органның мөрі басылады.

тану картасы;

соттылығының болуына (болмауына) берілетін талап (дайын болған шамасына қарай).

2) Анықталмаған мәйіттің тұлғасын анықтау жөніндегі істе:

анықталмаған мәйіттің табылғандығы туралы хабарламаның көшірмесі ( қылмыстық қудалау органының Өтініштерді есепке алу кітабында тіркелген нөмірі болуы керек);

қылмыстық істі қозғау немесе қозғаудан бас тарту туралы қаулының

көшірмесі (шығару шамасына қарай);

мәйіттің сот-медициналық сараптамасын тағайындау туралы қаулының көшірмесі;

сәйкестендіру мәліметтері сұранымының толтырылған бланкісі;

тану картасы;

анықталмаған мәйіттің тұлғасын анықтау жөніндегі істі жүргізу туралы қаулы;

дактилоскопиялық карта;

сараптамашы тұжырымдамасының көшірмесі (дайын болған шамасына қарай).

3) Белгісіз ауру адамдардың және балалардың тұлғасын анықтау жөніндегі істе:

ауру адамды, баланы тапқандығы туралы мекеменің хабарламасы (қылмыстық қудалау органының Өтініштерді есепке алу кітабында тіркелген нөмірі болуы керек);

іздестіру ісін жүргізу туралы қаулы;

ауру адамның, баланың, олардың ерекше белгілері мен киімдерінің фотосуреттері;

дактилоскопиялық карта (14 жасқа толған тұлғаларға);

сәйкестендіру мәліметтері сұранымының толтырылған бланкісі;

тану картасы.";

сегізінші абзацтағы "хабарсыз жоғалған тұлғаларға арналған іздеу істерін, денсаулық жағдайлары немесе жас ерекшеліктері бойынша өздері туралы мәліметтерді хабарлай алмайтын белгісіз ауру адамдарды немесе балаларды есепке алу (N 26 қосымша) журналдарында, және анықталмаған мәйіттердің тұлғасын анықтау бойынша істерді есепке алу (N№27 қосымша) журналдарында" деген сөздер "хабарсыз жоғалған тұлғаларға арналған іздеу істерін есепке алу (N №26 қосымша) журналдарында және анықталмаған мәйіттердің тұлғасын анықтау бойынша істерді, денсаулық жағдайлары немесе жас ерекшеліктері бойынша өздері туралы мәліметтерді хабарлай алмайтын белгісіз ауру адамдарды немесе балаларды есепке алу (N№27 қосымша) журналдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

100-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Іздеу істерін қысқартуға мыналар негіз болады:

белгісіз балаларға қатысты - олардың жеке басы анықталса, бала асырап алынған болса, не ескіру мерзімі өтіп кетсе;

хабарсыз жоғалғандарға қатысты - оның тұрған жері анықталса, сотпен қайтыс болған деп танылса (тиісті сот шешімін қосу арқылы), мәйіт танылса, жоғалған сәттен бастап ескіру мерзімі өтіп кетсе (қылмыстық-іздестіру ісін

қоспағанда), бір адамға қатысты аталған іс басқа іздеу ісімен біріктірілсе;

анықталмаған мәйіттерге қатысты - олар танылса, іс жүргізілген сәттен бастап ескіру мерзімі өтіп кетсе, (қылмыстық-іздестіру ісін қоспағанда).";

104-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"104. Тұлғаның хабарсыз жоғалуымен не зорлық өлімнің белгілері бар мәйіттің табылуына байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда және іздеу ісін жүргізусіз қылмыстық-іздестіру ісін жүргізген жағдайда, есепке алу құжаттарын толтыру Қағиданың 97, 98-тармақтарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады және қылмыстық-іздестіру ісін жүргізіп отырған қызметкерге жүктеледі. Қылмыстық-іздестіру істерін тіркеу қылмысты ашу бойынша жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын ІІО бөлімшелерінің тіркеу журналында іске асырылады.

Іздестіру ісі қылмыстық-іздестіру ісіне ауыстырылғанда жедел-іздестіру қызметін жүргізуші орган әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық орган мен Комитетке жазбаша хабарлама жолдайды, онда қылмыстық-іздестіру ісінің нөмірі, ашылған күні, қай органның өндірісінде екендігі көрсетіледі. Бұл жағдайда іздеуді тоқтату туралы қаулы шығарылмайды. ";

Қағиданың 1, 3, 4, 21, 26, 27-қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Комитет Төрағасына жүктелсін (Г.В. Ким).

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Бас Прокуроры*

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген

"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 1-қосымша

# ӘЛІПБИЛІК ЕСЕПТІК КӘРТІШКЕСІ

1.Тегі ___________________________________! Орган______________________
2.Аты ____________________________________! (қамауға алған орган)
3.Әкесінің аты_____________________________! ____________________________
4.»"___"»_________19__ жылы туылған ! (қысқартылмай жазылады)
5.Туылған жері ___________________________! ____________________________
________________________________________! ____________________________
5-1. Жеке басын куәландыратын құжат: паспорт (1), жеке куәлік (2), тұруға ықтияр хат (3), азаматтығы жоқ тұлға (4), жүргізуші куәлігі (5), әскери билет (6), туу туралы куәлік (7), туу туралы актілі жазба (8)
N ______________ "___"_______ 20___жылы берілген "__"_____ _____ ж. _____________
(кіммен берілген)
5-2. Жеке сәйкестендіру нөмірі: (ЖСН)N _____________________________________!
6.Тұратын мекен-жайы______________________!____________________________
_____________________________________________! Қылмыстық істің N
7.Жұмыс орны, қызметі, мамандығы_________! Қызметтік_________________
_____________________________________________!
8.Ұлты_____________________________________! Мұрағат__________________
9.Азаматтығы ______________________________! ______________________________
_ _ _ _ _
10."__"_____200__жылы қамауға алынды ! Дактилоскопиялық
11.Қылмыстың сипаты ______________________! формула__________________
_____________________________________________!
12.ҚР ҚК баптары___________________________! Оң қолының сұқ
_____________________________________________! саусағының бедері
13.Кәртішке _______________________________!
_______________________толтырылды !
_____________________________________________!

(органның атауы көрсетіледі) !
"___" _______________ 200__жыл. !
________________________________________!
(кәртішкені толтырған қызметкердің тегі)

(сыртқы беті)

Қандай сотпен сотталды: ______________________________________
Қашан:»"__"______200__жылы ҚР ҚК______________________________
_____________________________________________ баптары бойынша
______________________________________________ жыл мерзімге
__________________________________________________________
(қосымша шараларды толық көрсету керек)
__________________________________________________________
Үкім "____"_____________________200__ жылы заңды күшіне енді
__________________________________________________________
__________________________________________________________
__________________________________________________________

(Мөлшері 140x95)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 3-қосымша

## ІЗДЕУ КӘРТІШКЕСІ

Тегі______________________________________________________
Аты______________________________________________________
Әкесінің аты_______________________________________________
Туылған күні, айы, жылы_____________________________________
Туылған жері _____________________________________________
__________________________________________________________
Жынысы _____________ұлты_____________________________________

Жеке басын куәландыратын құжат: паспорт, жеке куәлік, тұруға ықтияр хат,

азаматтығы жоқ тұлға, жүргізуші куәлігі, әскери билет, тууы туралы кәулік, тууы туралы актілі жазба

N_____"___" _______________жылы _____________________________берілген

(кіммен берілген)

Азаматтығы ____________________________________________________________

Дактилоскопиялық формуласы ____________________________________________

____________________________________________________аумағында жасырынды

_______________________________________________________________________

Іздеудің себебі _______________________________________________________

ҚР ҚК-нің бабы, бөлімі, тармағы______________________________________

Бұлтартпау шарасы__бұлтартпау шарасының таңдалған күні "__"__200__ж.

Қылмыстық іс N__________________»"_____"» __________________200__ж.

Тоқтатылды (тоқтатусыз)"___"____________200__жылы____ "____"________

200__ жылы N______________________________________іздестіру ісі ашылды

(іздеу жариялау туралы қаулы шығарылған күн)

Іздестіру _____________ ІІМ (ІІБ), ҚПА (КПД), ҰҚК (ҰҚКД) жүргізілуде

(облыс)

_______________________________________ келіп түсті (қайта тапсырылды)

Кәртішкесі____________________________________________________толтырды

(қызметі, шені, тегі, қолы)

Бастық________________________________________________________________

(органның атауы, шені, тегі)

"___" _______________ 200__ ж. ______________________________

(қолы)

(Мөлшері 140х95)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 4-қосымша

## ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ КАРТА

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(жынысы)

Тегі ________________________________________ ________________

Аты ________________________________________ |дактилоскопиялық|

Әкесінің аты ________________________________ |формуласы |

Жеке басын куәландыратын құжат: |қосымша |

паспорт (1), жеке куәлік (2), | формуласы |

тұруға ықтияр хат (3), азаматтығы жоқ тұлға (4), жүргізуші куәлігі (5), әскери билет (6), туу туралы кәулік (7), туу туралы актілі жазба (8)

берілген "___"________ ж. ___________________

(кіммен берілген)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) ____________________________________

Азаматтығы ____________________________________________________

"_____" _____________ 19____ жылы туылған

Туылған жері __________________________________________________

_____________________________________________________________

Тұратын жерінде тіркелгендігі туралы мәлімет _______________________

(тұрғылықты жері) _____________________________________________

**Оң қолы**

| 1. бас бармақ | 2. сұқ саусақ | 3. ортаңғы саусақ | 4. аты жоқ саусақ | 5. шынашақ |
|---|---|---|---|---|
| | 16 | | 8 | |
| 16 | | 8 | | 4 |

**Сол қолы**

Бүктеу сызығы ---------------------------------------------------------------

| 6. бас бармақ | 7. сұқ саусақ | 8. ортаңғы саусақ | 9. аты жоқ саусақ | 10. шынашақ |
|---|---|---|---|---|
| 4 | | 2 | | 1 |

Бақылау таңбалары

Бүктеу сызығы

| Сол қолы | Оң қолы |
|---|---|
| | |

Қамауға алынғанның қолы_______________________________________

Дактилоскопиялық тіркеу жүргізудің негізі __________________________

Карта "____" ________________200__жылы толтырылды

_______________________________________________________________

(қай жерде және қандай органда)

_______________________________________________________________

**(сыртқы беті)**

Қамауға алынған туралы деректер

Қамауға алынды _______________________________________________

(қашан, қандай органмен, қандай қылмысты жасағаны үшін - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің бабы, бөлігі, тармағы)

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

Белгілері:

Дене кемістіктері, айрықша белгілері:

_______________________________________________________________

(жарақаты, зақымданғаны, сүйелдері, тыртықтары, ауырсынып жүруі, таздығы, кекештігі,

_______________________________________________________________

бет пошымының дұрыс еместігі, көзінің түсі, сақаулығы, денедегі суреттер және т.б.)

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

| Сол алақаны | Оң алақаны |
|---|---|

Картаны толтырған ____________________________________________

(картаны толтырған қызметкердің қызметі, қолы және тегі)

Картаның дұрыс толтырылғандығын тексеріп, формуласын есептеген _________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

(қызметі, қолы, тегі)

"___"______________200__жылы

Саусақтардың іздері тырнақтың бір шетінен екінші шетіне дейін толық алынуы тиіс. Іздердің бояуы біркелкі, папилляр сызықтары және өрнек бөлшектерінің көрінісі айқын, жай көзге жақсы көрінетін болуы тиіс.

Саусақтар, қолдың басы жоқ болса, олардың қашаннан бері жоқ екендігі көрсетіліп (жылы, айы) картаның тиісті шаршысына жазылады.

(Мөлшері 205х290)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 21-қосымша

1. ____________________ бойынша ҚР БП ҚСжАЕКБ
2. ______________ **ТАНУ КАРТАСЫ**
|__|__|__|__|__|__|
БАО жүйесіндегі нөмірі 4. ЕСЕПКЕ АЛУ САНАТЫ | Хабарсыз жоғалған (ХЖ) Белгісіз науқас (БН) |
3. Суреттің коды | Танылмаған мәйіт (ТМ) Белгісіз бала (ББ) | қажеттісі сызылсын | Іздестірудегі | қылмыскер (ІҚ)

| | | |
|---|---|---|
| Оң жақ қырын 5х6 сурет | Алдыңғы көрініс 5х6 сурет | Сол жақ қырын 5х6 сурет |
| ....ж. суретке түсірілген | ....ж. суретке түсірілген | ....ж. суретке түсірілген |

кестенің жалғасы

5. ________________________________

________________________________

| Дактилоформула

|

| | | | | | |

6. | | | | | | |

|____|____|____|____|____|____|

| Есепке алу формуласы

__________________________________|_____________________________

| 7. ЖЫНЫСЫ

|_______________________________________________________________

| ХЖ, ІҚ жоғалуы

| 8. КҮНІ ТМ, БН табылуы

| күні, айы, жылы

|_______________________________________________________________

| 9. ӨЛІМІНІҢ КӨНЕЛІГІ

| (тәулік түрінде)

|_______________________________________________________________

| 10. ТУҒАН КҮНІ

| күні, айы, жылы

|_______________________________________________________________

| 11. ЖАСЫ

|_______________________________________________________________

| 12. ХЖ, БН, ІҚ БОЙЫ

| МӘЙІТТІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ (см)

|_______________________________________________________________

| европеоид

| 13. ТМ, БН НӘСІЛДІК ТИПТЕРІ

| ХЖ, ІҚ ҰЛТЫ

| монголоид

|_______________________________________________________________

14. ТЕГІ_________ 15. АТЫ_________ 16. ӘКЕСІНІҢ АТЫ___________

17. ЖЕРІ ХЖ, ІҚ жоғалуы ________________________________________

ТМ, БН табылуы Республика обл.(өлке) аудан елді мекен

________________________________________________________________

|

20. БЕЛГІНІҢ ТҮРІ | 21. АТАЛУЫ

____________________|___________________________________________

| | |
|---|---|
| | авиациялық тақырып, мұнара, әріп, шөлмек, геометриялық фигура, герб, гитара, жануар, сарай, жұлдыз, ат, карта, қанжар, кітап, тәж, балға, теңіз тақырыбы, қол кісен, шыбын-шіркей, пышақ, ескерткіш, погондар, тағa, жүзік, өсімдік, діни тақырып, тор, қол, рюмка, шам, жүрек, ұлпа, күн, мәтін, алау, гүлдер, шынжыр, сандар, адам |
| Операция ізі, зақымданған жерлері | тыртық (деформация) |
| Ампутация | қолы, аяғы, табаны, саусақтары, құлағы, мұрны, сүт безі |
| Дене пішінінің кемшіліктері | бүкір, қисық аяқ, қысқа аяқ, қысқа қол, жіңішке аяқ, жіңішке қол, көзі жоқ, жарық (ауру), құлағының, мұрнының, ернінің кемістігі |
| Даму ақаулылығы | мең, ірі қал, сүйел, бітеу ісік, пигменттік дақ, қосыла өскен саусақ,»"қоян ерін", алты саусақ |
| Протез | |

БЕЛГІЛЕРІ (басу, бейнелеп баяндау, суретін салу)

| | |
|---|---|
| Белгінің түрі ____________________<br>Аталуы_____________________________<br>Адам денесі бөлігінің N __________ | |
| Белгінің түрі ____________________<br>Аталуы_____________________________<br>Адам денесі бөлігінің N __________ | |
| Белгінің түрі ____________________<br>Аталуы_____________________________<br>Адам денесі бөлігінің N __________ | |

Белгінің түрі ____________________
Аталуы______________________________
Адам денесі бөлігінің N __________

Белгінің түрі ____________________
Аталуы______________________________
Адам денесі бөлігінің N __________

Белгінің түрі ____________________
Аталуы______________________________
Адам денесі бөлігінің N __________

кестенің жалғасы

22. АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ТҰСТАРЫ (керек саны қоршалсын)

23. ҚАН ТОБЫ 1 (0) 2 (А) 3 (В) 4 (АВ) (қажеттісі қоршалсын)

24. ТІСТЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫ кестеде қойылады

тістерінің барлығы бүтін (сызылсын)
протез: бар, (көпір тәрізді, алмалы), жоқ
коронка: бар (ақ, сары, фарфорлы, пластмассалы), жоқ
жоқ: толық, көпшілік бөлігінде, жартылай
ауру, пломбаланған: бар, жоқ

Тістердің жағдайын кестеде белгілеу шарттары

С - сынған
О - жоқ
З - пломбаланған
Ж - сары металды коронка
Ф - фарфорлы, пластмассалы
П - алмалы протез

К - кариес (ауру) М - көпір тәрізді протез
Б - ақ металды коронка
кестенің жалғасы

Тістердің жағдайының кестеде белгілеу шарттары

___________________________________
|1| | | | | | | | | | | | | | | | |2|
|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|
| |8|7|6|5|4|3|2|1|1|2|3|4|5|6|7|8| |
|3|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|4|
| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|

19-29. 31 позицияларындағы қажетті белгілер қоршалсын.

25. БЕТ ӘЛПЕТІ сопақ, тік |31.ЕРІНДЕРІ жіңішке, жуан,
бұрышты, үш | жоғарғысының
бұрышты, | шығыңқылығы,
асимметриялы - | астыңғысының
бар, жоқ | шығыңқылығы,
| екеуінің де
| шығыңқылығы
________________________________|________________________________
26.ШАШЫ түрі: тік, |32.БҰҒАҒЫ шығыңқы, қисайған,
толқынды, бұйра | тік, екіге бөлінген,
түсі: ашық, қара | ойығы бар
қоңыр, ағарған, |
жирен, боялған |33.ҚҰЛАҚ қалқиған, жабыса
ұзындығы: қысқа, | ЖАРҒАҒЫ келген, сырғалығы бос
ұзын (еркектерде | қосыла өскен,
10 см-ден, | тесілген
әйелдерде 30 |
см-ден ұзын) |
сәні: фасонды, |
өрілген, тікірей-|
ген, парик, т.б. |
тақырлығы: маңдай|
тақыры, төбе та- |
қыры, тұтастай |
________________________________|________________________________
27.МҰРТЫ бар, жоқ, белгі- |34.КӨЗДЕРІ ашық түсті, қара

ленбеген, ашық, | қоңыр түсті, қыли,
қара қоңыр, ағар-| көз сүйелді, соқыр,
ған, жирен, боял-| көзәйнекті
ған |

28.САҚАЛЫ бар, жоқ, белгі- |35.ДАУЫСЫ- кекештеніп, сақаула-
ленбеген, ашық, | НЫҢ, нып сөйлейді, тұты-
қара қоңыр, ағар-| СӨЗІНІҢ ғып сөйлейді, даусы
ған, жирен, боял-| ЕРЕКШЕ- қарлыққан, кереңған
| ЛІКТЕРІ мылқау

29.ҚАСТАРЫ тік, доға тәріз- |36.АУРУЛАРЫ жүрек, өкпе, асқазан,
ді, иреңді, қа- | эндокриндік жүйе ау-
лың, сирек, қосы-| рулары сынған жерле-
лып өскен, үрпек,| рі, жүйке аурулары
жоқ, басқадай | және т.б.

30.МҰРНЫ арқасы: тік, дөң-|37.БОСАНУЫ болған, жоқ,
ес, ойыс | белгіленбеген
негізі: көлденең,|
түсіңкі, көтерің-|ЖҮКТІЛІГІ болған, жоқ,
кі | белгіленбеген
ерекшелігі: арқа-|
сының қисая келуі|
(сол жаққа, оң |
жаққа), жымырай- |
ған |

**КИІМІ**

| 38.ТҮРІ | 39.АТАЛУЫ (жазылсын) | 40.ТҮСІ | 41.МАТЕРИАЛЫ | 42.ФАСОНЫ, БЕЛГІЛЕРІ және т.б. |
|---|---|---|---|---|
| Бас киім | кепи, фуражка, бөрік, қалпақ, берет, тақия, елтеріден жасалған бөрік, орамал, үшкіл орамал, шәлі, шарф, | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шлем, пилотка | | | | |
| Сырт киім | пальто, плащ, қысқа пальто, кеудеше, тон, бушлат, ішік, шинель, куртка, штормовка, ұлттық киім | | | | |
| Көйлек | пиджак, китель, джинсы, әйел көйлегі, спорт киімі, шалбар, свитер-жемпір, пуловер, кеудеше, водоласка, көйлек, юбка, халат, сарафан, желетке, кобинезон, спецовка, әскери тігісті киім, | | | | |
| Іш киім | трусы, майка, іш көлек, пояс, бюстгалтер колготки, рейтузы, шұлық, нәски, плавки, купальник, футболка, кальсоны, гетры | | | | |
| Аяқ киім | бәтіңке, етік, пима, туфли, жеңіл аяқ киім, сандалеты, тапочки, спорт аяқ киімі, кебіс, унты | | | | |
| Тағы да басқа заттар | Перчатки, қолқап, белбау, галстук, подтяжки | | | | |

43. Басқа да заттар, құжаттар, нәрселер (ТМ тану, ХЖ іздестіру үшін маңыздылығы бар)_______________________________________________

қол жүк, әшекейлер, құндылықтар, тұрмыстық заттар, өндіріс құралы,

_______________________________________________________________

қару, қолжазба және баспа матерялдары (зауыттық маркісі, белгілері, ерекшеліктері көрсетілсін)

________________________________________________________________________
Іздесті-        |44. Туған жер_____________________________________________
рудегі адам |                      республика обл.(өлке)  аудан  елді мекен
туралы        |45. Тұрғылықты мекен-жай__________________________________
|                      республика обл.(өлке)  аудан  елді мекен
|45-1. Жеке басын куәландыратын құжат: паспорт, жеке
|куәлік, тұруға ықтияр хат, азаматтығы жоқ тұлға,
|жүргізуші куәлігі, әскери билет, тууы туралы куәлік,
|тууы туралы актілі жазба
|N___"__"______жылы________________________________берілген
|                                              (кіммен берілген)
|45-2. Азаматтығы____________________________________________
|45-3. Жеке сәйкестендіру (ЖСН)_____________________________
|46. Мамандығы және айналысатын кәсібінің түрі__________
|_______________________________________________________________
|47. Жоғалу жағдайы (қайда кеткен, т.б)_________________
|_______________________________________________________________
|48. Соттылығы туралы мәліметтер(қайда, қашан, ҚР ҚК
|бабы)___________________________________________________________
|49. Шамалау бойынша жүрген жері___________________________
____________|_____________________________________________________________
Мәйіт туралы|50. Мәйіттің жағдайы______________|51. Өлімінің себебі
|                    өзгермеген,      |____________________
|                    шіріп ыдыраған,|анықталмаған, темір
|                    қу сүйегі қал- |жолдық зақым, суға
|                    ған, мумиялан- |кеткен, үсіген, күй-
|                    ған, өртеген,  |ген, асылып қалған,
|                    т.б. (жазыл-   |кенеттен болған, т.б
|                    сын)           | (жазылсын)
|52. Мәйітті сою күні______________|53. Жерленген
|                    күні, айы,     |жері мен уақыты,
|                    жылы           |қабірдің нөмірі
|                                   |____________________
|                                   |күні, айы, жылы
|                                                               |
54. Өтінішті(хабарламаны) беру кү-|57. Есепке алу бойынша тексеріл
-
ні__________________________________|ген________________________________
күні, айы, жылы                |   ҚР БП ҚСжАЕКБ күні, айы, жылы

54-1. Тіркелген күні______________|__________________________________
күні, айы, жылы|әліппелік, дактилоскопиялық, ХЖ,
күні, айы, жылы|ТМ, БН
АКТ N_____________________________|58. Дактилоесепке алу бойынша
55. Істің басталу күні____________|тексерілген________________________
күні, айы, жылы| ҚР БП ҚСжАЕКБ күні, айы, жылы
істің N____________________________|59. Есепке алуға қойлған
55-1. Қозғалған күні______________|__________________________________
қылмыстық іс N____________________|ҚР БП ҚСжАЕКБ күні, айы, жылы
56. Жедел ақпарат берілді_________|__________________________________
күні, айы, жылы|
__________________________________|Бастық___________________________
___________________________Бастығы| ҚР БП ҚСжАЕКБ тегі, қойған қолы
ішкі істер органының атауы |__________________________________
__________________________________|60. БАО есепке қойылған_________|
атағы, тегі, қойған қолы | күні, айы, жылы|
Картаны құрастырған_______________| |
атағы, тегі, қойған қолы|
"__"________________________20__ж|

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 26-қосымша

______________________________________________________________бойынша
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасы

Хабар-ошарсыз кеткендерді есепке алу
ЖУРНАЛЫ N____

« « "__"________ 200_жылы басталды
«"__"________ 200_жылы аяқталды

Мүліктік N______

| N | Іздестіру ісінің ашылған күні, айы, жылы | Іздестіру ісінің нөмірі | Іздеудегі тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы | Хабар-ошарсыз кеткеннің есепке алу формуласы | Жоғалған күні, айы, жылы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Арыздың түскен күні, айы, жылы | Мемлекетаралық іздеудің жарияланған күні, айы, жылы | Іздестіру ісінің қысқартылған күні, айы, жылы | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 |

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы»17 тамыздағы
N 33 бұйрығына 6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылғы 29 сәуірдегі
N 23 бұйрығымен бекітілген
"Арнайы есепке алудың
жекелеген түрлерін жүргізу
мен пайдаланудың
Қағидасына"«N 27-қосымша

_______________________________________________бойынша
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасы

Танылмаған мәйіттердің жеке басын анықтау, денсаулығы немесе жасына байланысты өзі туралы мәлімет бере алмайтын белгісіз аурулар немесе балалардың істерін есепке алу ЖУРНАЛЫ N____

« "__"________ 200_жылы басталды
«"__"________ 200_жылы аяқталды

Мүліктік N______

| N р/с | Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау ісінің ашылған күні, айы, жылы | Істің нөмірі | Танылмаған мәйітті, белгісіз ауруды немесе баланы есепке алу формуласы | Сот-дәрігерлік сараптамасы актісінің N_______ |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 6 |

кестенің жалғасы

| Танылмаған мәйіттің, белгісіз аурудың немесе баланың табылған күні және жері | Есепке алу құжаттарының Комитеттің аумақтық органына тапсырылған күні, айы, жылы | Істің қысқартылған күні, айы, жылы | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 5 | 7 | 8 | 9 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК